

## 2015 жылы халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы

Қостанай облысы Қамысты ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 9 қаңтардағы № 3 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 6 ақпанда № 5357 болып тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 5, 7-баптарына сәйкес, Қамысты ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ**  
**Е Т Е Д І :**

1. 2015 жылы халықтың нысаналы топтары болып мынадай санаттар анықталсын:
  - 1) та бы сы аз адамдар ;
  - 2) жиырма бір жасқа дейінгі жастар ;
  - 3) балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар ;
  - 4) кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғызділікті, көп балалы ата - ана л а р ;
  - 5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар а з а м а т т а р ;
  - 6) зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған) ;
  - 7) мүгедектер ;
  - 8) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар ;
  - 9) бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан б о с а т ы л ғ а н адамдар ;
  - 10) о р а л м а н д а р ;
  - 11) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын бітірушілер ;
  - 12) жұмыс беруші-заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші-жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар ;
  - 13) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар ;
  - 14) терроризм актісінен жәбірленуші адамдар және оның жолын кесуге қатысқан а д а м д а р к і р е д і ;
  - 15) жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар ;
  - 16) жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органда жұмыссыз ретінде

тіркелген елу жастан асқан адамдар;

17) жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органда жұмыссыз ретінде тіркелген лайықты жұмысы жоқ адамдар.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ғазиз Ғұмарұлы А х м е т ч и н г е жү к т е л с і н .

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .

Қ а м ы с т ы Ж. Бисимбаев

ауданының әкімі